

ҒТАХА 16.21.55

DOI: <https://doi.org/10.62724/202610208>

Молдабай Талғат*¹

PhD, түркітану кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, talgatmoldabay@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0001-7148-8945

КӨНЕ ТҮРІК БІТІГ ЖАЗУ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ

Аңдатпа. Тіл – мәдениеттің негізі. Мәдениеттің басты мақсаттарының бірі өзі жасаған құндылықты басқаларына таныстыру. Автохтонды негізді жазулар аталмыш этностың тілі мен мәдениетімен тығыз байланысты. Тілдің құралы, мәдениеттің жауһары.

Тарихи тамыры ғасырларға созылатын көптеген этникалық топтар «тіл-ой-жазу» мәдени жүйесін құрды. Бұл процесс осы халықтардың рухани шығармашылығын көрсетеді. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – көне түркілердің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан мәдениетінің катализаторы, көне түркі мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын көне түрік бітіг жазуының түркілердің өз туындысы екендігін дәлелдеу. Сондай-ақ, көне түркі мәдениеті мен жазуының әлем жазу мәдениетіндегі орнын анықтау. Жазу тарихы ғылымы негізінде көне түрік бітіг жазуының ішкі және сыртқы ерекшеліктерін ашып, жазу таңбаларының қалыптасу кезеңдеріне үңіле отырып, жазу таңбаларының архетипін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін біз жазу тарихы ғылымының негізінде түрік бітіг жазу таңбаларына семантикалық талдау жасау, әріп таңбаларының архетипін талдау, олардың мағыналық танымдарын талдау әдістерін қолданамыз. Осы талдаулар арқылы көне түрік бітіг жазуының автохтондық негізділігін дәлелдеп, әлем жазу тарихындағы орнын анықтайтын боламыз.

Кілт сөздер. Түрік бітіг, жазу мәдениеті, таңба семантикасы, әліпби жүйесі, жазу тарихы.

Молдабай Талғат*¹

PhD, доцент кафедры тюркологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, talgatmoldabay@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-7148-8945

СЕМАНТИКА ПИСЬМЕННЫХ ЗНАКОВ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ

Аннотация. Язык — основа культуры. Цель культуры показать себя другим и добиться признания. Автохтонные письменные произведения тесно связаны с языком и культурой этнической группы. Письмо — это инструмент языка но ценность культуры.

Десятки этносов, корни истории которых начинаются с глубины веков, генерировали систему культуры «язык – мысль - письменность». Этот процесс показывает духовную созидательность этого народа. Главная цель данного исследования – показать, что древние тюрки являлись катализатором коренной культуры, основателями рунической письменности, являющейся неотъемлемой частью древнетюркской культуры. Определение огромного влияния древнетюркской культуры и письменности на субкультуры Евразии. Также определить место древнетюркской культуры и письменности в мировой письменной культуре. На основе науки истории письменности выявить внутрисни и внешние особенности древнетюркской письменности, углубиться в этапы формирования письменных символов и определить

архетип письменных знаков. В данной статье рассмотрено на основе внешней особенности письменности проанализировать знаки древнетюркской письменности с семиотической стороны, на основе внутренней особенности письменности с семантической стороны проанализировать связь между знаком и его значением, доказать автохтонное происхождение древнетюркского рунического письма.

Ключевые слова. Тюркская письменность, культура письма, семантика знаков, алфавитная система, история письменности.

Moldabay Talgat^{*1}

PhD, Ass. Prof. Department of Turkic studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, talgatmoldabay@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-7148-8945

SEMANTICS OF WRITING SIGNS OF ANCIENT TURKIC SCRIPT

Abstract. Language is the foundation of culture. The purpose of culture is to express oneself to others and achieve recognition. Indigenous written works are closely linked to the language and culture of an ethnic group. Writing is a tool of language but a cultural asset.

Dozens of ethnic groups, whose historical roots date back centuries, have generated a cultural system of "language-thought-writing." This process demonstrates the spiritual creativity of these peoples. The main goal of this study is to demonstrate that the ancient Turks were the catalyst for indigenous culture, the founders of runic writing, an integral part of ancient Turkic culture. This study also aims to determine the enormous influence of ancient Turkic culture and writing on the subcultures of Eurasia. It also aims to determine the place of ancient Turkic culture and writing in global written culture. Drawing on the history of writing, this study aims to identify the internal and external characteristics of ancient Turkic writing, delve into the stages of the formation of written symbols, and define the archetype of written signs. In this article, we consider the analysis of the signs of the ancient Turkic script from the semiotic side based on the external features of the writing signs and analyze the connection between the sign and its meaning based on the internal features of the writing from the semantic side, proving the autochthonous origin of the ancient Turkic runic script.

Key words. Turkic writing, writing culture, semantics of signs, alphabetic system, history of writing.

Кіріспе. Жазу тарихының теориясын қалыптастырған атақты ғалымдардың пікірінше жазудың ішкі ерекшелігі (внутренней форма) сыртқы ерекшелігіне (внешний форма) қарағанда маңыздырақ. Сыртқы ерекшеліктің өзгеру мүмкіндігі ішкі ерекшелікке қарағанда жоғары болады екен. Жалпы әлемдегі жазу таңбалары қорының негізгі тірек таңбаларының саны шамамен 100 таңбаның шамасында. Яғни, жазу таңбаларындағы сыртқы ұқсастық мүмкіндігі жоғары, ал жазу таңбаларының ішкі ұқсастығы мағынасында (пиктографиялық, идеографиялық кезеңде), фонетикалық дыбысталуында (буындық, алфавиттік кезең) ұқсастық өте күрделі, егер осындай сыртқы және ішкі ұқсастықтар сәйкес келсе бұл ұқсастықтардың қандай да бір байланысы барлығы нақты болмақ [1: 47]. Жазудың сыртқы ерекшелігі И.Гельбтің пікірі бойынша алдамшы долбарға (априорны) ұрындырады. Оған мысал ретінде ол көне түрік бітіг жазуының Семит жазуына негізгі ұқсастық ретінде көне түрік бітіг жазуымен алғаш жұмыс жасаған ғалымдардың дауысты дыбыстардың қолданылмауы (сөздің басында, ортасында) негізге алынғандығын, кейін оның алдамшы долбар болып шыққандығына тоқталады [2].

Расында да, жазудың сыртқы ерекшелігіндегі ұқсастық ішкі ерекшелігіндегі ұқсастықтармен үйлесім таппаса бұл ұқсастықтың байланысы барлығы күмәнді болмақ. Бірақ, бұл жазудың сыртқы ұқсастықтарымен санаспау деген мағына бермеуі керек. Салыстырмалы тұрғыда екі жазудың ұқсастықтарын ең алдымен осы сыртқы пішіндік ерекшеліктер арқылы талданып, кейін ішкі ұқсастықтары арқылы нақтылануы керек. Сол кезде бұл жазу таңбалары арасындағы байланыс нақты, әрі анық болмақ.

Көне түрік бітіг жазуы құрылымындағы дауысты дыбыстар таңбаларының болуы бұл жазудың «вокалдык» жазу екендігін білдіргенмен, олардың қолданылуы жалпы көне түрік бітіг жазуының алфавиттік жазу екендігіне күмән тудырады. Себебі, бұл дауысты таңбалармен қатар үндесім заңдылығына бейімделген дауыссыз таңбалардың, буындық таңбалардың болуы бұл жазудың алфавиттік жазуға қарағанда силлабикалық жазуға көбірек ұқсайтындығын меңзейді. Бұған тарихи деректік тұрғыда дәлел болатын құжат бар: А. Фон Леккок тарапынан ғылыми айналымға енгізілген Шығыс Түркітаннан табылған Тойок I манускрипті [3: 1048-1052]. Бұл манускриптіде көне түрік бітіг жазуы әліпбиілерінің манихей жазуымен оқылуы көрсетілген фрагменті болып табылады. Манихей әліпбиімен көрсетілген КТБ жазуы әліпбиілерінің транскрипциясы берілген. Бұл транскрипцияда көне түрік бітіг әліпби таңбалары буындық түрде дыбысталған. Жалпы, Тойок I фрагментінің ғылыми тұрғыда маңызы ерекше. Себебі, егер В.Томсен көне түрік бітіг жазуының кілтін таппағанда, бұл құжат арқылы көне түрік бітіг жазуының кілті бәрібір табылған болар еді. Сонымен қатар көне түрік бітіг әліпбиінің алфавиттік реттілігі де осы құжатта көрсетілген.


Көне түрік бітіг жазуы оңнан солға қарай жазылатын қатты денеге сызып жазылуға арналған тік және көлденең сызықтар негізінде түзілген бұрышты жазу түрі. Көне түрік тілінің үндесім заңдылығы қасиетін бойына сіңірген, сол заңдылыққа негізделіп жасалған жазу түрі. Олай дейтініміз көне түрік жазуы таңбаларында он дауыссыз дыбыс осы үндесім заңдылығы негізінде жуан және жіңішке дауыстылармен үндесуіне байланысты әр дауыссыз дыбыс екі таңбамен таңбаланған. Біз бұларды осы қасиетіне байланысты үндесім дауыссыздары деп атадық. Жазу тарихында осындай бір таңбаны үндесім заңдылығына байланысты екі түрлі таңбамен беру практикасы басқа жазу түрлерінде мүлде кездеспейді. Осының өзі көне түрік бітіг жазуының автохтонды негізділігінің айқын белгілерінің бірі болса керек [4: 81-98]. Көне түрік бітіг жазуы Семит негізді жазулар сияқты консонанттық жазуда емес. Оның өзіне тән 8 дауысты дыбысты таңбалайтын, 4 жазу таңбасы бар. Бұлардың сөз ішінде дұрыс дыбысталуын жоғарыдағы үндесім дауыссыздары қамтамасыз етеді. Әрі көне түрік бітіг жазуы әліпбиіндегі дауысты дыбыстарды білдіретін: \downarrow /a, ä/; \uparrow /i, i:/; \rangle /o, u/; \mathbb{N} /ö, ü/ таңбалары 4 графем, 8 фонем ретінде қабылданса да жазу тарихының даму кезеңдерінің бірінде бұл таңбалардың жеке бір буынды сөзді білдірген бе деген ойға жетелейді. Оған дәлел ретінде көне түрік бір буынды сөздер қорында \uparrow /i/ «өсімдік», \rangle /u/ «ұйқы», /ö/ «ой» (ДТС, 375), ö→ög→ögüt – «талқылау, ақыл-кеңес» т.с.с. сөздердің кездесуі болып табылады [5; 6]. Расында да КТБ жазуын, мәтіндерін зерттеген көптеген ғалымдардың көне түрік бітіг әліпбиі жүйесінде орын алған \downarrow /oq/, \mathbb{D} /aj/, \mathbb{A} /eb/, \mathbb{D} /at/ \mathbb{C} /ay/ таңбаларының түріктерге тән екендігін мойындайды. Бұл КТБЖ таңбалары жазу дамуының алғашқы сатысында-ақ көшпелілер өміріндегі мәнімен тікелей байланысты аталса керек. Яғни, графика мен сөздің мағынасы үндесіп тұр: \downarrow «оқ», \mathbb{D} «ай», \mathbb{A} «еб» (үй), \mathbb{D} «ат», \mathbb{C} «ағ» (қармақ, ау). Бұл таңбалардың түркілердің өз туындысы екендігін КТБЖ кілтін тапқан ғалым В.Томсеннің өзі де мойындаған болатын [7]. Сонымен қатар көне түрік бітіг жазуы әліпбиінде ешқандай үндесім заңдылығына бағынбайтын қарапайым дауыссыз дыбыс таңбалары, буындық таңбалар, логографиялық таңбалар деп аталатын

суретті жазудан қалған бір сөзді немесе мағынаны беретін таңбаларда бар. Осының бәрі көне түрік бітіг жазуының жазу дамуының барлық кезеңдерін басынан өткерген, әлі толық қалыптасып бітпеген күрделі өтпелі кезең жазуы екендігін көрсетеді. Яғни, құрамында бір сөзді білдіретін логографиялық жазу таңбалары, буындық жазу таңбалары, алфавиттік жазу таңбалары бар күрделі, толық қалыптаспаған жазу түрі екендігін айғақтайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Біз бұл зерттеу жұмысымызда алға қойған мақсатқа жету үшін жалпы ғылыми әдісте, оның ішінде жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға жүйелеу және жіктеу (классификациялау) әдісін, тарихи деректер негізінде талдау әдістерін қолдандық. Зерттеуіміздің негізгі нысаны дала көшпелілерінің жазу мәдениеті тарихына үңіліп, жазу тарихы ғылымы тұрғысынан жазу таңбаларына семантикалық талдау жасалынды. Әр таңбаның даму кезеңіне байланысты архетипі бойынша анықтау талдаулары жасалды.


Нәтижелер және талқылау. Көне түрік таңбаларына семиотикалық, семантикалық талдау. Біз өз зерттеуімізде көне түрік бітіг жазу таңбаларын жазу тарихы ғылымы тұрғысынан зерттеп, бұл жазудың барлық жазу таңбаларына семантикалық талдау жасаған болатынбыз. Бұл талдауларымыздың барлығын бір мақалаға сидыру мүмкін емес болғандықтан біз мақалада зерттеуіміздің негізгі әдістемесі мен жүйесін және бірнеше нақты мысалдар арқылы түсіндіруге тырысамыз.

Бұл зерттеуімізді жазу тарихы ғылымы тұрғысынан жазу таңбаларының семантикасы деп аталатын ұшбырыш негізінде жазу таңбасын қалыптастырушы үш негізге тоқталамыз. Бұлар: жазу таңбасына негіз болған сурет, оның мағынасы, жазу таңбасына айналған соң дыбысталуы. Жазу тарихын зерттеуші ғалымдар бұл талдауды автохтонды негізді жазу түрлеріне жасау арқылы олардың сол халықтың өз туындысы екендігін дәлелдеген болатын. Осы негізде біз латын жазуының негізі болған көне финики жазуы таңбаларына жасалған талдау негізінде көне түрік бітіг жазу таңбаларына да дәл осындай талдауды қолданатын боламыз (Кесте 1 қараңыз).




Кесте 1 – Автохтонды негізді жазуларға жасалған семантикалық талдау және көне түрік бітіг жазу таңбалары семантикасы

Жазу тарихы ғылымында қолданылған бұл жазу таңбасының семантикалық талдауының үшбұрышы деп аталатын бұл талдаудың негізгі танымы төмендегі кестеде көрсетілген (Кесте 2). Жазу таңбасының суреттік болмысы (архетипі негізінде), оның жазу таңбасы ретіндегі фонологиялық бірлігі, жазу таңбасы шыққан суреттің сол этнос танымындағы атауы негізінде түзілген. Жазу тарихы ғылымы бойынша автохтонды негізді жазулардың барлығы дерлік суретті жазудан бастау алуы керек. Әлемдегі жазу таңбаларының ұқсауы қалыпты жағдай. Себебі, әлемдік жазу таңбаларын құраушы негізгі тірек фонд шамамен 100 таңба айналасында. Сондықтан жазу таңбасы толық ұқсау үшін оның графикалық ұқсастығымен қатар оның дыбысталуында, яғни, фонологиялық бірлігі де ұқсауы қажет. Сол кезде ғана толық жазу таңбасы бір-біріне толық ұқсайды деген қорытынды жасай аламыз. Ендеше, осы күнге дейін көне түрік бітіг жазуының шығу тегіне қатысты ғылыми зерттеулердегі графикалық ұқсастық, қос таңбамен берілген үндесім дауыссыздары таңбасының тек біреуінің ұқсастығын негізге алу, кейбір таңбалардың айнадағы шағылысу (зеркальный отражение) негізіндегі ұқсастықтар сияқты ұқсастықтар іздеу әрекеттері жазу тарихы ғылымы тұрғысынан негізсіз деп саналады. Мысалға көне түрік бітіг жазуында і, L, p графемалары, t, R, Q, u графемаларының бір таңбаның түрлі шағылысуы нәтижесінде пайда болғанын байқауға болады. Бұл көне түрік жазуы таңбаларының шағылысу негізді ұқсастықтарының мүмкін еместігін көрсетеді [8: 283-295].




Кесте 2 – Жазу таңбасы семантикасының үшбұрышы талдауының танымдық негізі

Көне түрік бітіг жазуы таңбаларының семантикалық талдауынан бұрын олардың түрлі аймақтардағы жазылу үлгілеріне тоқталып, таңбалық, суретті жазу кезеңдеріндегі архетипін табуға тырыстық. Осы негізде үлгі ретінде үндесім дауыссыздары таңбаларынан жіңішке дауыстылармен үндесетін «б» таңбасының суретті жазу кезеңінен алфавиттік жазу кезеңіне дейінгі трансформациялануын төмендегі 3 – кестеден көре аласыздар.




Кесте 3 - /б/ таңбасының трансформациялануы


l /l²/. Талас мәтіндері мен таңбаларында Υ ; Υ [9, 10, 11], Енисей мәтіндері мен таңбаларында Υ ; Υ [12, 13, 14], Орхон мәтіндері мен таңбаларында Υ түрінде кездеседі [10, 11]. /l/ фонемін беретін көне түрік екі графеманың екеуі де негізінен Υ «қол» идеограммасынан бастау алады және семантикалық тұрғыда «қол, қолмен алу, ал» мағынасындағы көне түрік /el/ /al/ сөзінен бастау алады. Бұл таңбаны семантикалық тұрғыда /el/ «қол» деп алғаш талдаған В.Томсен [6]. Шумер жазуында бұған ұқсас Υ «арба ішіндегі адам» мағынасын береді. Жалпы көне дәуір идеограммалық жазуларында адамды ең қарапайым түрде l осылай белгілеген. Прото үнді жазуларында адамды Υ осылай белгілеген. **Л** (**l²**) жіңішке дауыстылармен үндесетін дауыссыз дыбыс. Үнді, бүйір жолды, тіс-альвеолдық, сонар дауыссыз дыбыс. Сөз басында қолданылмайды. АГЛВ b(i)lge "білікті" (КТ.IV.1), ОРГА_l ilg(e)rü "ілгері" (КТ.I.7), АЛОС süle "шабуылдау" (КТ.I.2,8,41), Υ ΔΛΚ k(e)ldi "келді" (О.I.2; ХТ.II. КТ.IV.11), Υ il "ел" (КТ.IV.3,10), ΛΟΧ ööl "шөл" (КТ.I.4), ΛΒ bil "біл" (КТ.IV.11,12), ΛΔ_l id(i)l "Еділ (өзен)" (КТ.III.10).



r /r²/. Талас мәтіндері мен таңбаларында Υ Υ Υ [9, 10, 11], Енисей мәтіндері мен таңбаларында Υ Υ Υ [12, 13, 14], Орхон мәтіндері мен таңбаларында Υ Υ Υ түрінде кездеседі [10, 11]. Бұл таңбаны семантикалық тұрғыда r /er/ «ер адам, еркек, адам» деп алғаш талдаған В.Томсен [6]. r /r²/ жіңішке дауыстылармен үндесетін сөздерде жазылатын үнді, таңдай алды, діріл арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөз басында кездеспейді. Р (e)r "еркек, сарбаз, азамат" (МШУ.II.16,18), ΣΤΡ (e)rt(i)s "Ертіс" (Тұй.35,37; КТ.I.37), Υ ΡηТ t(e)ηri "Тәңір" (Терк.I.1; БК.I.1; КТ.I.1), КР (с)r(i)k "ерік" (МШУ.II.13; КТ.III.1; E.5), ΡΣΡ (e)rs(e)r "болса" (Тұй.10,20,21,29), Ρ_lθ jir (žir) "жер" (КТ.IV.4; Тұй.17,26,38), Ρ_lΒ bir "бір" (БК.29,30,31; Тұй.4,23), Ρ_lΒ ber "бер" (КТ.I.1,8,9,12,20,21).



S /s¹/. Талас мәтіндері мен таңбаларында 𐰆;𐰇;𐰈 [9, 10, 11], Енисей мәтіндері мен таңбаларында 𐰉 𐰊 𐰋 [12, 13, 14], Орхон мәтіндері мен таңбаларында 𐰌 𐰍 𐰎 түрінде кездеседі [10, 11]. Бұл таңбаны идеографиялық кезеңдегі семантикалық мәні /sub/ «су» мағынасын береді. Аққан, төгілген су түріндегі идеограммадан бастау алады. σ (s¹/c¹) әріп таңбасы тек қана жуан дауысты дыбыстармен жасалынған сөздерде жазылады. Қатаң, жуасыңқы, тіл-альвеолды дыбыс. Сөздің барлық бөлімінде жазыла береді. BUSrj /jer sub/ «жер су» (КТ.І.11,19,24,27), $\alpha\rho\beta\sigma$ isbara «Ышбара», $\nu\gamma\sigma\beta\tau$ t(a)bs(y)u(a)n "қоян" (Тұй. 8), $\omega\sigma$ s(a)nš "шаншы" (КЧ.5,10,15; Тұй.28), $\delta\gamma\sigma\sigma$ soγd "Соғды" (КТ.І.39), $\iota\delta\sigma\beta$ b(a)sdy "басты" (КТ.ІІ.8), $\text{A}\rho\sigma$ (a)s(y)ra "аста, төмен" (БК.ІІІ.10; КТ.І.1), $\sigma\eta\lambda\phi$ žalaγus "жалаңаш" (КЧ.23), $\sigma\beta$ b(a)s "бас" (КТ.І.22).



Қорытынды. Көне түрік жазу таңбаларына жүргізілген семантикалық талдау зерттеу жұмысымыздың маңызды бөлігі. Біз аталмыш зерттеу негізінде көне түрік жазуының көне түрік тілінің ерекшелігі негізінде жасалған жазу екендігіне назар аударып, бұл екеуінің астасып жатқандығын жоғарыда келтірілген нақты дәлелдер арқылы дәлелдеуге тырыстық. Осы мақсатта көне түрік бітіг жазуы графикасының барлық таңбаларына талдау жасалды. Осы мақаламызда олардан бірнеше мысалдар келтіру арқылы негізгі ойды жеткізуге тырыстық. Тарапымыздан жүргізілген палеографиялық зерттеулер нәтижесінде жалпы көне түрік бітіг жазуы графемаларының архетиптері сонау тас дәуірінен бастап ерте ортағасырға дейінгі кезеңде дала көшпелілерінің өмір сүру аумақта сурет, таңба, жазу үлгісі түрінде көптеп кездеседі. Бұл көне түріктердің өз алфавитін жасауға толық мүмкіндігі бар екендігінің бірден-бір айғағы. Көне түрік бітіг жазуы таңбаларына жүргізілген семантикалық талдау нәтижесі көрсеткендей, бұл жазу таңбаларының көне түрік тілімен, танымымен терең байланысты

екендігі анықталды. Сонымен қатар әр жазу графемасының архетипінде суретті жазу белгісі бар және сол таңбаның трансформациялануы да жазу үлгілерінде терең байқалады. Ал көне түрік бітіг жазуының көне түрік тілінің фонологиялық жүйесіне, тілдік ерекшелігіне қарай жасалғандығын көне түрік бітіг әліпбиіндегі үндесім дауыссыздары таңбаларынан, буындық таңбаларынан, логографиялық таңбаларынан анық байқауға болады. Үндесім дауыссыздары атты бір фонеманы екі графемамен беру дәстүрі әлемде басқа ешбір жазу үлгісінде жоқ. Демек, көне түрік бітіг жазуы түрік халқының төл жазуы, түгел түркінің құнды мұрасы деп сеніммен айта аламыз. Жалпы түрік мәдениетінің жазу мәдениеті сияқты мәдениеттің үлкен жетістігінде де өзіндік үлесі бар екендігі мақаламыздағы келтірілген талдаулар нәтижесінде сенімді айта аламыз деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Фридрих, И. История письма [Текст] / И. Фридрих. – М. : Наука, 1979. – 464 с.
- 2 Гельб, И. Е. Опыт изучения письма (Основы грамматики) [Текст] / И. Е. Гельб; пер. с англ. Л. С. Горбовицкой, И. М. Дунаевской ; ред. и предисл. И. М. Дьяконова. – М.: Радуга, 1982. – 366 с.
- 3 Le Coq, A. von. Kokturkisches aus Turfan. Manuskript-Fragmente in kokturkischen “Runen” aus Toyoq und Idiqut-Schahri (Oase von Turfan) [Текст] / A. von Le Coq // SPAW. – 1909. – IX–XI. – S. 1048–1052.
- 4 Молдабай, Т. Қазақ жазуы мәдениетінің бастаулары [Текст] : монография / Т. Молдабай. – Астана, 2024. – 216 б.
- 5 Манкеева, Ж. А. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка [Текст] / Ж. А. Манкеева. – Алма-Ата : Ғылым, 1991. – 154 б.
- 6 Ескеева, М. Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі [Текст] / М. Қ. Ескеева. – Алматы : Арыс, 2007. – 360 б.
- 7 Thomsen, V. Samlede Afhandlinger. III : «Remarques sur l’origine de l’alphabet» [Текст] / V. Thomsen. – Kobenhavn, 1922. – P. 65–83.
- 8 Молдабай, Т. Затты жазу, суретті жазу және ой жазу кезеңдері [Текст] / Т. Молдабай // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. – 2024. – № 3(148). – Б. 283–295.
- 9 Васильев, Д. Д. Графический фонд памятников тюркской рунической письменности азиатского ареала (Опыт систематизации) [Текст] / Д. Д. Васильев. – М., 1983. – 158 с.
- 10 Жолдасбеков, М. Орхон ескерткіштерінің толық атласы [Текст] / М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы. – Астана : Күлтегін, 2005. – 359 б.
- 11 Сартқожаұлы, Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі [Текст] / Қ. Сартқожаұлы. – Астана : Арыс, 2007. – 304 б.
- 12 Кызласов, И. Л. Древнетюркская руническая письменность Евразии [Текст] / И. Л. Кызласов. – М., 1990. – 179 с.
- 13 Rona-Tas, A. On the development and origin of the east turkic runic script [Text] / A. Rona-Tas // Acta Orient. Hung. – 1987. – T. 12. – P. 7–14.
- 14 Байчоров, С. Я. Древнетюркские рунические памятники Европы [Текст] / С. Я. Байчоров. – Ставрополь, 1989. – 250 с.

REFERENCES

- 1 Fridrikh, I. Istoriya pis'ma [History of Writing]. Moscow: Nauka, (1979): 464 p. – (In Rus)

- 2 Gel'b, I. E. Opyt izucheniya pis'ma (Osnovy grammatologii) [An Essay on the Study of Writing (Foundations of Grammar)]. Moscow: Raduga, (1982): 366 p. – (In Rus)
- 3 Le Coq, A. von. Kokturkisches aus Turfan. Manuskript-Fragmente in kokturkischen “Runen” aus Toyoq und Idikut-Schahri (Oase von Turfan) [Kokturk Manuscripts from Turfan]. SPAW, (1909): 1048–1052. – (In Ger)
- 4 Moldabai, T. Kazakh zhazuy madenietinin bastaulary [The Origins of Kazakh Writing Culture]. Astana, (2024): 216 p. – (In Kaz)
- 5 Mankeeva, Zh. A. Rekonstruktsiya pervichnykh kornei glagol'nykh osnov kazakhskogo yazyka [Reconstruction of Primary Roots of Verbal Bases in the Kazakh Language]. Alma-Ata: Gylym, (1991): 154 p. – (In Rus)
- 6 Eskeeva, M. K. Kone turki zhane kazirgi kypchak tilderinin monosillabtyk negizi [Monosyllabic Basis of Ancient Turkic and Modern Kipchak Languages]. Almaty: Arys, (2007): 360 p. – (In Kaz)
- 7 Thomsen, V. Remarques sur l'origine de l'alphabet [Remarks on the Origin of the Alphabet]. Kobenhavn, (1922): 65–83. – (In Fre)
- 8 Moldabai, T. Zatty zhazy, suretti zhazy zhane oi zhazy kezden deri [Stages of Object Writing, Pictographic Writing and Ideographic Writing]. Vestnik Evraziiskogo natsional'nogo universiteta im. L. N. Gumileva, (2024): No. 3(148), 283–295. – (In Kaz)
- 9 Vasil'ev, D. D. Graficheskii fond pamyatnikov tyurkskoi runicheskoi pis'mennosti aziatskogo areala [Graphic Fund of Turkic Runic Written Monuments of the Asian Area]. Moscow, (1983): 158 p. – (In Rus)
- 10 Zholdasbekov, M., Sartkozhauly, K. Orkhon eskertkishterinin tolyk atlasy [Complete Atlas of Orkhon Monuments]. Astana: Kultegin, (2005): 359 p. – (In Kaz)
- 11 Sartkozhauly, K. Baiyrgy turik zhazuyunun genezisi [Genesis of Ancient Turkic Writing]. Astana: Arys, (2007): 304 p. – (In Kaz)
- 12 Kyzlasov, I. L. Drevnetyurkskaya runicheskaya pis'mennost' Evrazii [Ancient Turkic Runic Writing of Eurasia]. Moscow, (1990): 179 p. – (In Rus)
- 13 Rona-Tas, A. On the development and origin of the east turkic runic script [On the Development and Origin of the East Turkic Runic Script]. Acta Orient. Hung., (1987): 7–14.
- 14 Baichorov, S. Ya. Drevnetyurkskie runicheskie pamyatniki Evropy [Ancient Turkic Runic Monuments of Europe]. Stavropol, (1989): 250 p. – (In Rus)